| Жарғы | |
|---|---|
| **Жоба атауы:** | «Берекелі ауыл – табысты ел» |
| **Бастамашылар:** | Рахмашов Алмаз Айхынбекулы – Жуалы ауданы Мыңбұлақ ауылдық округі әкімі<br>Сүгірбеков Ермұхамед Жандарбекұлы – Жуалы ауданы Қызыларық ауылдық округі әкімі<br>Дауталин Бахберген – Қордай ауданы Отар ауылдық округі әкімінің орынбасары<br>Узакбаев Даулет Рысбекович – Қордай ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің орынбасары<br>Сырлан Нұрсұлтан Нұржанұлы – Жуалы ауданы әкімдігінің экономика бөлімінің сектор меңгерушісі |
| **Жобаның іске асырылу мерзімі** | 2022-2026 жылдар аралығы |
| **Жобаның негіздемесі** | 1) Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы Қазақстан халқына арналған Жолдауындағы ауыл шаруашылығын дамытудағы ортақ мақсат еңбек өнімділігі мен экспортты 2,5 есе арттыру;<br>2) Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы.<br>3) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V ҚРЗ «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы».<br><br>Суармалы жер қоры 2364,8 мың га құрап, бұл жерлер ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің 30% — нан астамын өндіруді қамтамасыз етеді. 1991 жылы ауыл шаруашылығы өндірісінде 2284 мың га суармалы жер пайдаланылды, ал 2001 жылы накты 1317 мың гектар жер суарылды қалған 1047 мың га сортаң жерлердің айналымынан шығарылуына, суару жүйелерінің ақауларына, судың болмауына немесе жетіспеуіне, топырақты суландыру жағдайларының ұйымдастыру іс-шараларының нашарлауына, ең алдымен қаржылық және материалдық – техникалық ресурстардың болмауына байланысты пайдаланылмады. |

| | |
|---|---|
| | 1987 жылға дейін ауыл шаруашылығына минералдық тыңайтқыштар берудің және қолданудың көлемі бірте-бірте ұлғайғаны байқалды. 1987 жылдан бастап республикада тыңайтқыштарды қолдану төмендей бастады. Әсіресе 1991 жылдан бастап күрт төмендегені байқалады.бастапқы кезеңмен салыстырғанда осы кезеңде 30%-ға азайды. Минералды тыңайтқыштарды қолдану көлемі азаюымен бір мезгілде ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімдігі кемиді. Топырақтағы минералдық коректің жылжымалы нысандары азаяды. Отандық минералдық тыңайтқыштар өндірісі 1990 жылғы 1484,9 мың тоннадан, 2000 жылы 6,7 мың тоннаға кеміді.соңғы екі жылда химиялық жолмен отау көлемі 15-20 % -ға ұлғайғанына қарамастан олар қажетті деңгейдің тек әлі де 50-55% -ын құрайды. Тамыр өркені және тамыр сабақ арамшөптерінің басып кетуі 6-10 %-ға азайғаны байқалады. Біржылдық қосжапырақты және біржылдық астық тұқымдас арамшөптердің басып кетуі 12%-ға, ал қара сұлы бойынша 17%-ға ұлғайды.<br>1991 жылдан бастап дәнді дақылдардың тұқымын және одан кейінгі жылдарда себілген тұқымның 40-50 %-на дейінін дәрілеу көлемінің азайюына байланысты топырақта және тұқымдық материалда фитопатогендердің шоғырлануы үдеп бара жатыр. Егістіктердің дәнді дақылдар ауруларының барлық түрімен зақымдануы жоғары күйде қалып отыр – тамыр шірігі жыл сайын 40-50%-да байқалады, бидай мен арпаның тозаңды қаракүйемен залалдануы – 13%, арпа егістіктерінің қатты қаракүйемен залалдануы -6 %-ға дейін, жаздық және күздік бидай егістіктерінің – 8 %, дәнді дақылдар егістіктерінің ақ дақпен және өсімдік татымен залалдануы 1 млн гектардан артық алқапта байқалды, залалдану 30-40% — ға жетеді, ал фунгицидтер қолданудың көлемі 5% дан 20% -ға дейін жетті.<br>Қазақстан Кеңес Одағы кезінде бидай өнімін беруші ірі аймақ болды.1986-90 жылдары орташа жылдық өнім 24,4 млн тоннаны, ал сыртқа шығар көлемі 4,6 млн тоннаны құрады. 1990 жылдан кейін Қазақстанның бидай өнімдері егістік көлемінің қысқаруына байланысты өтпелі дағдарыс кезеңін бастан өткізді.<br>Кеңестер Одағы кезінде Қазақстанда жүгерінің жалпы егіс ауданы 2,5 млн гектар болатын, оның 134,2 мың гектарына (1985 ж) дәндік жүгері себілетін. Қазіргі уақытта егіс ауданы күрт азайды, республика бойынша жүгері 170 мың гектарға өсіріледі, оның 100 мың гектары дәнді, |

| | |
|---|---|
| | 70 мың гектары сүрлемдік жүгері. |
| **Жобаның өнімі** | 1) Елді мекеннің әлеуметтік экономикалық дамуы;<br>2) Ауыл шаруашылығы өнімінің артуы;<br>3) Елді мекендегі жұмыссыздық санын азайту (атаулы әлеуметтік көмек алушыларды азайту);<br>4) Ауыл шаруашылығы өнімінің баға тұрақтылығы;<br>5) Сапалы ауыл шаруашылығы өнімін нарыққа шығару |
| **Жобаның SMART мақсаты** | 2022-2026 жылдары ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуын 30 %-дан 80 %-ға көтеру. |
| **Жобаның міндеті** | 1. Азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету<br>2. Жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру<br>3. Ауылшаруашылығы саласында техникалық жарақтау және қарқындату деңгейін арттыру<br>4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын арттыру және цифрлық технологияларды енгізтуді қамтамасыз ету.<br>5. Ауылдық жерлерде тұратын халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту |
| **Жоба сәттілігінің критерийлері** | 2026 жылы ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуын 30 %-дан 80 %-ға көтеру. |
| **Стейкхолдерлер** | 1. Ауылшаруашылығы министрлігі<br>2. Жергілікті атқарушы органдар<br>3. Шаруа қожалықтар<br>4. Ауыл тұрғындары және ауыл шаруашылығы өнімін тұтынушылар<br>5. Қаржы ұйымдары<br>6. Мердігерлер |

| | |
|---|---|
| **Жобаның шектеулері** | *жобалық үшбұрыш<br><br>**1.** 5 млрд теңге<br><br>**2.** 1)Азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету<br>2) Жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру<br>3) Ауылшаруашылығы саласында техникалық жарақтау және қарқындату деңгейін арттыру<br><br>**3.** 4 жыл |
| **Жоба тәуекелдері** | 1. Шаруа қожалықтарды бірігуге көндіру.<br>2. Қаржыландыру. (Қойма, техникалар тұратын гараж салу).<br>3. Техногендік және табиғи аппаттар. (Өрт, бұршақ, құрғақшылық т.б.).<br>4. Адами факторлар.<br>5. Нарықтағы баға тұрақсыздығы. |